

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ № 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

14. 11. 2022 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD, Шалхаров Е., АК мүшесі, з.ғ.к., академиялық персонал – Паридинова А., Тұрлыбеков Қ., Қожамбеков Д., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Мақұлбаев Ж., Жанбырбаева А., АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Нұрбосынқызы Л., Әдешова А., Сатыбалды Д.

Күн тәртібі:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу
3. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
4. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау
5. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау
6. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Шалхаров Е. Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына орай Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Қожамбеков Д., Паридинова А. алды:

2023-2024 Оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгереді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 172 академиялық кредитті құрайды делінген осы мәселені толықтай қарау керекпіз. Пәндерді біріктіру мәселесін ақылдасып шешімін қарайық.

АК төрағасы Шалхаров Е. Құрметті АК мүшелері Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім:

Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылды, Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатыстық, Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалсын, Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Шалхаров Е.

Хатшысы:



Қожамбеков Д.